

Дела житейские

Куриные ножки в слоеном тесте

Такое блюдо можно подать на стол как горячее блюдо, дополнив салатом из свежих овощей с зеленью. Или в качестве выпечки в горячем или холодном виде. Для приготовления ножек подойдет как дрожжевое, так и бездрожжевое тесто. Но если будете делать с дрожжевым, после того как выложите подготовленные куриные ножки на противень, накройте чистым полотенцем. Дайте постоять в тепле 20-25 минут, чтобы тесто поднялось и только после этого смажьте желтком и выпекайте. При мариновании к уже указанным специям и чесноку, можно добавить любимые специи или сухую зелень.

Ингредиенты: слоёное тесто бездрожжевое - 500 г, куриные ножки - 4 шт., сыр плавленый - 4 ломтика, чеснок - 4 зубчика, соль, перец черный - по вкусу, масло растительное - 1 ст. л.

Подготовьте все необходимые ингредиенты для приготовления куриных ножек в слоеном тесте. Куриные ножки разморозьте заранее, а слоеное тесто достаньте из морозильной камеры за 30 - 40 минут до приготовления. Чеснок почистите, сполосните и измельчите. Куриные ножки вымойте, обсушите бумажным полотенцем и выложите в миску. Ножки посолите, поперчите и добавьте чеснок. Все хорошо перемешайте, втирая специи и чеснок, оставьте мариноваться в течение 30 минут. Аккуратно отделите кожу от мяса, стараясь ее не порвать. Выложите на каждую ножку по одной пластинке сыра на толстую часть и натяните кожу обратно, зафиксировав сыр внутри. Немного посыпьте рабочую поверхность мукой. Раскатайте тесто в прямоугольник и разрежьте его полосками толщиной 1 - 1,5 сантиметра. Каждую ножку плотно оберните внахлест полосками теста от низа до самого верха. Старайтесь закрыть и верх ножки. Противень или форму смажьте растительным маслом. Выложите ножки в тесте швом вниз на небольшом расстоянии. Желток размешайте до однородности и смажьте тесто со всех

сторон. Поставьте противень в горячую духовку и запекайте при температуре 180 градусов в течение 50 - 60 минут до готовности. Мясо должно приготовиться, а тесто стать румяным. Куриные ножки в слоеном тесте готовы. Переложите их на тарелку и сразу подавайте на стол. Приятного аппетита!



Кене энцефалитінің алдын алу

Көктем мен жаз мезгілінде күн жылып, адамдар табиғат аясында демалып, қала сыртында серуендеуді ұнатады. Алайда мұндай уақытта кене шағу қаупі бар екенін естен шығармау қажет. Сондықтан табиғатта демалу кезінде сақтық шараларын сақтау өте маңызды. Кенелер адам денесіне жабысып, қан сорған кезде түрлі жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын таратуы мүмкін. Олардың қатарына кене энцефалиті, кене риккетсиозы және иксодтық кене боррелиозы (Лайм ауруы) жатады. Осы аурулардың ішінде ең қауіптісі – кене энцефалиті.

Кене энцефалиті – орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жіті табиғи-ошақтық жұқпалы ауру. Ауру ауыр түрде өтіп, жүйке жүйесінің зақымдануына, сал ауруына, мүгедектікке әкелуі мүмкін. Кейбір жағдайларда ауру өліммен аяқталуы да ықтимал.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Өскемен қаласында кене энцефалитінің 9 жағдайы тіркелген, ал 2024 жылы 3 адам сырқаттанған. Эпидемиологиялық тергеп-тексеру нәтижесінде науқастардың кене шағу арқылы жұқпаны эндемиялық аумақтарға жататын Катонқарағай ауданы Жазба ауылында, Риддер қаласындағы Үлбі өзені маңында, Өскемен қаласының Понтон көпірі маңында және Глубокое ауданында жұқтырғаны анықталған.

Естеріңізге саламыз, Шығыс Қазақстан облысында кене

энцефалитінің табиғи ошақтары 9 қала мен аудан аумағын қамтиды. Олар: Глубокое, Алтай, Катонқарағай, Самар, Үлкен-Нарын, Ұлан, Шемонаиха аудандары, сондай-ақ Риддер және Өскемен қалаларының маңы.

Сондықтан, көктем-жаз мезгілі кезінде жоғарыда аталған аумақтарға қыдырып, жұмыс бабымен барған кезде абай болу қажет, қарапайым сақтық шараларын мұқият орындап, кененің шағуына жол бермеу керек.

Кене энцефалитін жұқтыру қаупі адамның жасы мен жынысына қарамастан барлығына бірдей төнеді, әсіресе орман-ды аймақтарда жұмыс істейтін адамдар үшін қауіпі жоғары. Оларға: орман шаруашылығы қызметкерлері, демалыс орындарының жұмысшылары, жол және теміржол құрылысының қызметкерлері, аңшылар және кене энцефалиті тіркелетін аймақтарға барған адамдар жатады.

Кене шаққан кезде вирус қан арқылы адам ағзасына еніп, ми мен жұлынды зақымдайды. Ауру бірден байқалмайды. Кене шаққаннан кейін әдетте 7–14 күн аралығында жасырын кезең өтеді. Осы уақыт аралығында вирус ағзада дамып, көбейеді. Ауру басталған кезде адамның басы қатты ауырып, дене қызуы 38–39 градусқа дейін көтеріледі, жалпы әлсіздік пен уыттану белгілері байқалады (жүрек айну, құсу). Аурудың 2–3 күні кейбір науқастарда мойын, қол және кейде аяқ

бұлшықеттерінде әлсіздік пайда болады. Бет, мойын және қол бұлшықеттерінде құрысу байқалып, кейін аяқ-қолдың салдануы мүмкін. Сондай-ақ жарық пен дыбысқа сезімталдық артады.

Егер кене шаққаннан кейін аталған белгілер байқалса, дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Ауру ерте анықталып, дер кезінде ем жүргізілген жағдайда науқастың толық сауығып кету мүмкіндігі жоғары.

Кене энцефалитінің вирусы қайнатылмаған ешкі немесе сиыр сүті арқылы да жұғуы мүмкін. Сондықтан сүтті міндетті түрде қайнатып ішкен дұрыс. Барлық кенелер жұқпалы ауру таратпауы мүмкін, бірақ олардың сыртқы түріне қарап ажырату қиын болғандықтан, кез келген кенеден сақтану қажет.

Кенеден қалай сақтану керек?

- табиғатқа шыққанда кенелердің киімнің астына кірмеуі үшін жеңі ұзын киім киіп, жағасы мен жеңін түймелеп, көйлектің етегін шалбарға, ал шалбардың балағын шұлыққа салып алған дұрыс. Кенені тез байқап қалу үшін киімнің ашық түсті болғаны жөн; кенелер денеге жабысып, қан сору үшін қолайлы жер іздейді, оған шамамен 1–1,5 сағат уақыт кетеді. Сондықтан, ер сағат сайын шаш арасын, құлақ, қолтық пен шап маңайын мұқият тексеріп отыру қажет;
- табиғатқа шығар алдында дененің ашық жерлеріне және киімге кенені денеге жолатпайтын арнайы репеллент-

терді (крем, лосьон, аэрозоль) қолданған дұрыс. Оларды дәрханалар мен дүкендерден сатып алуға болады;

- орманды жерлерде демалғанда қалың шөп пен бұталардан алыс, күн көбірек түсетін ашық жерлерді таңдаған жөн. Демалатын орынды құрғақ шөптер мен бұталардан тазарту керек;

- табиғаттан оралған соң денені, киімді, әкелген заттарды және гүл шоқтарын мұқият тексеру қажет.

Адамның денесіне қадалған кене болса, оны өте мұқият алу қажет. Себебі кененің тұмсығы үзіліп, тері астында қалып қоюы мүмкін.

- кенені пинцетпен тұмсығына жақындатып ұстап, жайлап бұрап шығару қажет. Пинцет болмаған жағдайда жіппен тұмсығына жақын байлап, ақырын бұрап алу керек;

- кененің шаққан орнын йод ерітіндісімен немесе спиртпен сүрту қажет;

- кенені алғаннан кейін қолды сабындап мұқият жуу керек;

- кене шаққан күннен бастап 4 күннен кешіктірмей медициналық көмекке жүгіну қажет.

Алынған кенені лақтырып жібермеу керек — оны жұқпалы ауру қоздырғыштарының бар-жоғын анықтау үшін зертханаға тапсыруға болады. Бұл профилактикалық мақсатта кенеге қарсы иммуноглобулин алу туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі теріс болған жағдайда

иммуноглобулин енгізілмейді.

Кенелерді қабылдау келесі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Н. Назарбаев даңғылы, 17. Жұмыс күндері сағат 08:00-ден 16:42-ге дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:00-ге дейін) кенені 5-қабаттағы аса қауіпті инфекциялар зертханасына тапсыруға болады. Жұмыс уақытынан тыс, сондай-ақ демалыс және мереке күндері кенені ғимараттың негізгі кіреберісіндегі кезекші қүзетшіге тапсыруға болады. Қосымша ақпарат алу үшін 8 705 752 79 67 телефонына хабарласуға болады.

Кене шаққан жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсететін тәулік бойы жұмыс істейтін пункттердің мекенжайлары:

1. Ересектер үшін — ШҚО ДСБ "№4 қалалық аурухана" ШЖҚ КМК, Серікбаев көшесі, 1/5;
2. Балалар үшін — "Ана мен бала орталығы" ШЖҚ КМК, Қазыбек би даңғылы, 11.

Ескерту! Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеңіз!

ШҚО ДСБ тапсырысы бойынша салауатты өмір салтын насихаттау жобасы аясында. ҚР ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті ШҚО СЭБ департаментінің Өскемен қ. СЭБ бақылау басқармасы" РММ эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы. Бакенова Замира Советхановна

ХАБАРЛАМА

"BEDROCK" ЖШС "Шығыс Қазақстан облысының "Шұбаршілік" учаскесінде 17 блок: М-45-99-(10г-5а-12); М-45-99-(10г-5а-13); М-45-99-(10г-5а-14); М-45-99-(10г-5а-15); М-45-99-(10г-5а-17); М-45-99-(10г-5а-22); М-45-99-(10г-5а-23); М-45-99-(10г-5а-25); М-45-99-(10г-5в-11); М-45-99-(10г-5в-16); М-45-99-(10г-5в-21); М-45-99-(10г-5г-1); М-45-99-(10г-5г-6); М-45-99-(10г-5г-11); М-45-99-(10г-5в-5); М-45-99-(10г-5в-10); М-45-99-(10г-5в-15)" шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау Жоспары" ықтимал есерлері туралы есеп" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

"Шұбаршілік" учаскесі Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы Катон-Қарағай ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Маймыр ауылы "Шұбаршілік"учаскесінен оңтүстік-шығысқа қарай 5,1 км жерде. "Шұбаршілік" учаскесінің ауданы-36,72 км2.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49° 02' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 2. 49° 06' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 3. 49° 06' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 4. 49° 07' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 5. 49° 07' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 6. 49° 06' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 7. 49° 06' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 8. 49° 05' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 9. 49° 05' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 10. 49° 08' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 11. 49° 08' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.; 12. 49° 02' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 22.05.2026 ж., 14:30, Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданы, Алтынбел а.о.,

Маймер а., ауылдық клуб. Бейнеконференция сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/87925984323?pwd=bplF1AAQgFPp8XZUMa3V0WfC80O08KY.1> Конференция идентификаторы: 879 2598 4323 Кіру коды: 630999 Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган - Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті. 070003, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 12 үй, телефон-8 (7232) 76 76 82, сайт - https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Тапсырыс беруші: "BEDROCK" ЖШС, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 36 үй, 41 пәтер. БСН 250840004775.

Әзірлеуші: "ЭкоОптимум" ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, "Меруерт Тау" БО, оф.302, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070004, Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі 19, email – d.babakanova@akimvko.gov.kz, телефон - 8(7232) 25-73-20.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: "Мой край газеті" басылымында, Алтай телеарнасының эфирінде, сондай-ақ ауылдық клубтың хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "BEDROCK" объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по "Отчету о возможных воздействиях к "План разведки твердых полезных ископаемых на участке "Шұбаршілік" Восточно-Казахстанской области в пределах 17 блоков: М-45-99-(10г-5а-12); М-45-99-(10г-5а-13); М-45-99-(10г-5а-14); М-45-99-(10г-5а-15); М-45-99-(10г-5а-17); М-45-99-(10г-5а-22); М-45-99-(10г-5а-23); М-45-99-(10г-5а-25); М-45-99-(10г-5в-11); М-45-99-(10г-5в-16); М-45-99-(10г-5в-21); М-45-99-(10г-5г-1); М-45-99-(10г-5г-6); М-45-99-(10г-5г-11); М-45-99-(10г-5в-5); М-45-99-(10г-5в-10); М-45-99-(10г-5в-15)".

Участок "Шұбаршілік" расположено в Катон-Карагайском районе Восточно-Казахстанской области Республики Казахстан, Ближайшие населенные пункты: село Маймер в 5,1 км юго-восточнее от участка "Шұбаршілік". Площадь участка "Шұбаршілік" - 36,72 км2.

Географические координаты участка: 1. 49° 02' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 2. 49° 06' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 3. 49° 06' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 4. 49° 07' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 5. 49° 07' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 6. 49° 06' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 7. 49° 06' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 8. 49° 05' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 9. 49° 05' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 10. 49° 08' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 11. 49° 08' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.; 12. 49° 02' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.

Место, дата и время проведения общественных слушаний – 22.05.2026г., 14:30, Восточно-Казахстанская область, Район Үлкен Нарын,

Алтынбельский с.о., с. Маймер, сельский клуб. Ссылка для подключения к видеоконференции:

<https://us06web.zoom.us/j/87925984323?pwd=bplF1AAQgFPp8XZUMa3V0WfC80O08KY.1>

Идентификатор конференции: 879 2598 4323 Код доступа: 630999

Ознакомиться с материалами, вынесенными на общественные слушания можно на сайте ndbecology.gov.kz.

Гос.орган по проведению экспертизы – Департамент экологии по Восточно-Казахстанской области. 070003, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, д. 12, телефон - 8 (7232) 76-76-82, сайт - https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Заказчик инициатор: ТОО "BEDROCK", 010000, город Астана, район Есиль, ул. Сарайшық, д. 36, кв. 41, БИН 250840004775.

Разработчик: ТОО "ЭкоОптимум", г. Астана, пр. Момышұлы 12, БЦ "Меруерт Тау", оф. 302, БИН 090140012657.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области, 070004, г. Усть-Каменогорск, ул. К. Либкнехта 19, email – d.babakanova@akimvko.gov.kz, телефон - 8(7232) 25-73-20.

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространено следующими способами: в издании "Газета Мой край", в эфире телеканала Алтай, также объявлено будет размещено на доске объявлений сельского клуба.